

## Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP09058073 «Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қазақ мәдениеті мен тілін үйренуге арналған, ағылшын тілді аудиторияға бағдарланған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу» (0121PK00341)
Жоба өзектілігі	<p>XX ғасырдың аяғында қазақ тілі жойылып кету алдында тұрған тілдердің біріне айналды. Тілді үйренуге деген сұраныс аз болды. Қазақ тілін үйренуге арналған еңбектер жарияланғанына қарамастан, олардың көпшілігі кеңес дәуіріндегі еңбектерге негізделген еді. Бұл жұмыстар ішкі сұранысқа, яғни орыс тілді ортаға бағытталған болатын. Көптеген оқулықтар ешқандай бәсекелестіксіз жазылды. Алайда соңғы 10 жылда қазақ тіліне байланысты жағдай оң өзгерістер көрсете бастады. Қазақ тілін үйренуге сұраныстың көбеюіне байланысты сапасы жоғары оқулықтар пайда болуда. Бұл өнімдер негізінен ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандырады. Сыртқы қажеттіліктер тиісінше деңгейде қанағаттандырылмай жатыр. Қазақстанға келушілер тіл үйренуге қажетті еңбектердің болмауына байланысты орыс тілін үйренуге мәжбүр. Қажетті дереккөздердің жетіспеуі туристер мен басқа қонақтарды қазақ тілінен бас тартуға итермелейді. Осылайша, қазақ мәдениетінің көптеген мәдени, этникалық және басқа да ерекшеліктері келушілерге жабық күйінде қалуда. Бұл фактор тек қазақ тілі мен мәдениетін насихаттауға кедергі келтіріп қана қоймай, этно туризмге және тұтастай елдің имиджіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан бұл мәселені шешудің мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар. Ағылшын тілін меңгерген қазақ тілі мұғалімдерінің өте аз болуынан да ағылшын тілді материалдар тапшы. Осының салдарынан ағылшын тілінде сөйлейтін контингентке арналған қазақ мәдениеті мен тілі туралы материалдар әзірлеу проблемасы туындайды. Сол себепті қазақ мәдениеті, тілі және ағылшын тілі бойынша мамандардан құралған жоба тобы бірлесіп, ағылшын тілді тұтынушыларға бағдарланған оқулық пен веб-сайт жасауды көздеп отыр. Әзірленген материалдардың нәтижесінде зерттеу тобы ағылшын тілді аудиторияға бағытталған оқу материалдарының жетіспеушілігі мәселесін шешуге ықпал етеді.</p>
Жоба мақсаты	Заманауи технологияны қолдана отырып, шет тілдерін оқытудың отандық және шетелдік әдістемесінің тәжірибесін салыстырмалы зерттеу негізінде, ағылшын тілді аудиторияға арналған қазақ мәдениеті мен тілін шет тілі ретінде зерттеуге арналған оқулық жазып, веб-сайт жасап шығу.
Жоба міндеттері	<p>I. Екінші шет тілін меңгеру бойынша қазіргі оқу-әдістемелік материалдарын зерделеу.</p> <p>II. Қазақ мәдениетінің мәдени-философиялық негіздеріне талдау жасау.</p>

	<p>III. Тілдерді меңгеру бойынша веб-сайттарды талдау.</p> <p>IV. Курсқа енгізуге болатын қазақ тіліндегі түпнұсқалық материалдар жинау.</p> <p>V. Видеоларға, аудиоға және курстың лексикалық және грамматикалық мазмұнына сәйкес бейімделген мәтіндерді дайындау.</p> <p>VI. Аталған курсқа енгізуге болатын оқытудың заманауи технологияларымен танысып шығу.</p> <p>VII. Ең маңызды заманауи қазақстандық мәдени және әлеуметтік құбылыстарды және олардың әлемдегі заманауи үрдістермен байланысын зерттеу.</p> <p>VIII. Құрастырылған материалдардың тиімділігін тексеру мақсатында сауалнама сұрақтарын әзірлеу.</p> <p>IX. Ең маңызды қазақстандық мәдени және тарихи оқиғаларды зерделеу.</p> <p>X. Түркі тілдерін шет тілі ретінде ағылшын тілді аудиторияға үйретуге арналған материалдарға эмпирикалық талдау жасау.</p> <p>XI. АҚШ және Ұлыбритания университеттерінде қазақ тілін оқытудың тәжірибесін зерттеу, сол университеттерімен байланыс орнату.</p> <p>XII. Жиналған материалдарды жүйелеу және талдау, соның негізінде қазақ тілі мен мәдениетін оқытуға арналған қосымша интернет ресурсы бар заманауи оқулық құрастыру.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>I. Қазақ тілі мен мәдениетін үйретудің ПОӘК-і құрастырылады;</p> <p>II. Қазақ мәдениетінің мәдени, философиялық және лингвомәдениеттанулық ерекшеліктері ескеріле отырып, материалдар жасалынады;</p> <p>III. Сайт жасалады және веб-сайтты жаңартудың контент жоспары құрастырылады;</p> <p>IV. ПОӘК жоспары бойынша веб-сайтқа материалдар жүктеледі. Материалдар жоба барысында жаңартылып, түзетіліп және толықтырылып отырады;</p> <p>V. Курстың мультимедиялық материалдары сайтқа жүктеледі. Материалдар жоба барысында жаңартылып, түзетіліп және толықтырылып отырады;</p> <p>VI. Курсқа енгізілетін керекті заманауи ақпараттық технологиялар мен қосымшалар қарастырылады.</p> <p>VII. Қазақ мәдениетінің аймақтанушылық және лингвомәдениеттанулық ерекшеліктері ескеріле отырып, материалдар жасалады;</p> <p>VIII. Сайт қолданушылар арасында сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижесі Science Citation Index Expanded базасына кіретін Web of Science базаларындағы халықаралық ғылыми журналдарда жарияланатын ғылыми-аналитикалық мақалада қамтылады.</p> <p>IX. Қазақ мәдениетінің мәдени, тарихи, лингвомәдениеттанулық ерекшеліктері ескеріле отырып, материалдар жасалынады;</p>

	<p>X. Түркі тілдеріне жататын тілдерді меңгерудің ерекшеліктері ескеріле отырып, материалдар құрастырылады;</p> <p>XI. АҚШ және Ұлыбритания университеттерінде қазақ тілін оқытудың материалдары қарастырылады және олармен байланыс орнатылады;</p> <p>XII. Жоба аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде БҒСБК ұсынған рецензияланатын отандық басылымдарда 4 мақала, фокус-топ зерттеу нәтижелерінің негізінде 1 Скопус мақала, 1 оқу құралы, онлайн-курс, <a href="http://www.learn-kazakh.com">www.learn-kazakh.com</a> сайты әзірленді, іске қосылды.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>1. Омирбекова Алия Омирбековна, философия ғылымдарының кандидаты, Индекс Хирша – 2; ORCID 0000-0002-6243-01175, Scopus Author ID 57208206025..</p> <p>2. Жумашова Жулдыз Аманбаевна, PhD доктор, Индекс Хирша – 1; ORCID 0000-0001-6919-4665, Scopus ID 56548839700</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>1. Kenzhekhanova K. Azimbayeva I.K., Zhaparova A.Zh. Anthropocentric paradigm of phraseological units in the literary translation // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (184). – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 194-200 бб. <a href="https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3638">https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3638</a></p> <p>2. Акшолова А. Категория времени глаголов в русском, казахском и английском языках на основе формирования грамматической компетенции // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №1 (185). – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 11-22 бб. <a href="https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3798">https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3798</a></p> <p>3. Жумашова Ж.А., Рысбаева Г.К., Алиева С.А., Кульбекова Б.Р. Антропоцентрилік мақал-мәтелдердегі көркемдік тіл ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №2 (186). – Алматы, 2022. – С. 194-200. <a href="https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3981">https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3981</a></p> <p>4. Өмірбекова Ә.Ө. Тіл игерудегі ұлттық мәдениет // Әл-Фараби. Әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2023. – № 3 (83). – 26-39 бб. <a href="https://alfarabijournal.org/index.php/journal/article/view/850">https://alfarabijournal.org/index.php/journal/article/view/850</a></p> <p>5. Zh. Zhumashova; A. Aksholakova; A. Omirbekova; B. Kulbekova. Challenges and Recommendations for Teaching and Learning Kazakh as a Second Language // International Journal of Society, Culture and Language, ISBN 2329-2210. Volume 11, 2 (Themed Issue on Language, Discourse, and Society) , July 2023, , Pages 119-131 <a href="https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.1995923.2967">https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.1995923.2967</a> <a href="https://www.ijscsl.net/article_706401.html">https://www.ijscsl.net/article_706401.html</a></p>